

«Зере» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

«Бекітілді»

«Зере» бөбекжай-балабақшасы»

МКҚК меңгерушісі:

Кузенбаева У.Б.



« 01 » 2025 ж.

**Әдістемелік отырыстарының жоспары**  
**2025-2026 оқу жылы**

**Әдістемелік отырыстарының жоспары  
2025-2026 оқу жылы**

№	Әдістемелік отырыстарының күн тәртібі	Жауаптылар	Мерзімі
1	<p>1. «Зере» бөбекжай-балабақшасының жана 2025-2026 оқу жылына дайындығы.</p> <p>2. Жаңа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және әдістемелік нұсқау хатты ашып, талқылау</p> <p>3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 01.09.2025 жылғы</p> <p>4. «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша асық ойынын ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны әдіскер: Даржанова Г.С. көрсетті.</p> <p>5. «Топта сюжеттік-рольдік ойындарды ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны» (тәрбиеші: Дуйсебаева)</p> <p>6. Психолог : «Өзіме және көршіме» Турганбаева Ж.Б. (тренинг)</p> <p>7. Ағымдағы мәселелер</p>	<p>Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиешілер</p> <p>Психолог Турганбаева Ж.Б</p>	29.08.2025
2	<p>"Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын беруге үміткер педагогтар туралы қысқаша ақпарат.</p> <p>Бірінші мәселе бойынша аттестаттау комиссиясына біліктілік санаттарын алуға өтініш берген педагогтар өтініштерін қарап зерделенді.</p>	<p>Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиешілер</p>	15.09.2025
3	<p>1. Кіріспе сөз «Жасыл балабақша» Пилоттық жобасының ақпараттық құрылымы</p> <p>2. «Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асыру бойынша қамқоршы кеңес мүшелерімен біргесе отырып қаржы көздерін қарастыру.</p> <p>3. Пед. кеңес барысы: балабақша аумағында экологиялық ортаны дамыту;</p>	<p>Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиешілер</p>	10.10.2025

	<p>дағдыларын, табиғатқа деген жауапты көзқарас пен әдеттерін қалыптастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ата-аналарды экологиялық тәрбие жұмысына тарта отырып, тәрбиеші мен ата-аналар арасында экологиялық мәдениетті нығайту;</li> <li>- балабақша ауласында экологиялық аймақ (бақша, гүлзар, жылыжай) ұйымдастыру.</li> </ul> <p>4. «Біз біргеміз» тренинг Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.</p> <p>5.Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тәрбиеленушілер табиғатқа жанашырлық танытып, оны қорғауға үйренеді;</li> <li>- балалардың бойында экологиялық ойлау, сана қалыптасады;</li> <li>- өсімдіктерді күту, баптау, қоқыс қалдықтарын сұрыптауды меңгереді;</li> <li>- экологиялық мәдениет артады;</li> <li>- қоршаған ортаны таниды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</li> </ul> <p>6. Педагогикалық кеңестің шешімін шығару.</p>	<p>Психолог : Турганбаева Ж.Б. (тренинг)</p>	
4	<p>№3педкеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің маңызы» баяндама</p> <p>3. Пилоттық жобасына қатысатын педагог қызметкерлерді түрлі семинар, шебер сыныптарға жіберу.</p> <p>4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын</p> <p>5. «Жақсы қарым-қатынаста бола білейік!» тренинг психолог Ж.Б.Турганбаева</p>	<p>Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиешілер</p> <p>Психолог: Ж.Б.Турганбаева тренинг</p>	24.10.2025
5	<p>1. «Ұлттық аспаптар-балабақшада!» Әдіскер: Даржанова Г.С Баяндама</p> <p>2.Баланы ойын арқылы ұлттық құндылыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші: Хамза А.Ә.</p> <p>3.Физикалық дағды «Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде ұлттық</p>	<p>Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиешілер</p> <p>Психолог: Ж.Б.Турганбаева тренинг</p>	07.11.2025

	танымдық зияткерлік дағдыларын дамыту. Тәрбиеші: Дуйсебаева К.С 5. «Біз – бір ұжымбыз!» тренинг Психологиялық тренинг. Психолог: Ж.Б.Турганбаева		
6	1. «Отбасым-бақыт мекенім!» «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасының жүзеге асыру аясында Әдіскер: Даржанова Г.С 2. Балабақша бойынша ата-аналармен бірлесе отырып, жиналыс пилоттық жоба бойынша жоспарын таныстырыпу. Әдіскер: Даржанова Г.С 3. <b>Дидактикалық, сюжетті-ролдік ойындар.</b> Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін ( <i>жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар</i> ) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Жаяу жүргіншілер жолы», «Бағдаршам», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру. Нурымова А.С «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасының жүзеге асыру 4. <b>Тақырыптық ойын іс-әрекет:</b> «Жауапты болу-жақсы болу» Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограмма сына сәйкес. Тәрбиеші: Рахова Г.Н 5. «Жақсы іс-жүрекке жылу!» тренинг Психологиялық тренинг. Психолог: Ж.Б.Турганбаева	Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиешілер  Психолог: Ж.Б.Турганбаева тренинг	21.11.2025
7	<b>ТАҚЫРЫБЫ :</b> «Жасыл балабақша» аудандық семинар <b>МАҚСАТЫ:</b> Балаларды табиғатты сүйуге, қорғауға, оған қамқор болуға баулу. <b>КҮН ТӘРТІБІ:</b> <b>9:30-9:35</b> «Асық биі». «Жауқазын» ересек тобының тәрбиеленушілері; <b>9:35-9:45</b> Алғы сөз. Аудандық білім бөлімінің әдіскері Жанғалиева Э.Т. <b>9:45-10:55</b> «Жасыл балабақша» пилоттық жобасының ашылуы салтанаты «Зере»	Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиешілер  Психолог: Ж.Б.Турганбаева тренинг	05.12.2025

әдіскер: Даржанова Г.С.;

**10:55-10:10** «Жасыл ел-жасыл балабақшадан басталады». «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі Сәрсен Г.С.;

**10:10-10:25** «Кішкентай инженерлер әлемі». «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі Амангалиева Қ.А.;

**10:25-10:35** «Эмоционалды интеллект-баланың дамуының кілті» тренинг «Зере» бөбекжай-балбақшасының психологы педогог-модератор Турганбаева Ж.Б.;

**10:35-11:00** «Стеам технологиясын қолдану арқылы мектепке дейінгі ұйымда креативті ойлаудың алғышарттарын қалыптастыру» «Шебер сағат» «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі педогог-модератор Кожаева У.С.;

**11:00-11:10** «Зерек бала – заманауи әлемде» Монтессори кабинеті, «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі педогог-модератор Дуйсебаева К.С.;

**11:10-11:20** «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы. «Зере» бөбекжай-балбақшасының әдіскері педогог-модератор Даржанова Г.С.;

**11:20-11:30** «Жасыл жүрек» рефлексия «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі педогог-модератор Кәри І.Д.;

8

**ТАҚЫРЫБЫ :**

Балабақша ұжымы мен тәрбиешілер және ата-аналармен «ЭКОӘЛЕМ» жобасы бойынша жұмыс жүргізу.

**МАҚСАТЫ:** : Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

Ұйымдастыру кезеңі

- Жоба бойынша педагогикалық кеңес өткізу

Меңгеруші:  
Кузенбаева У.Б  
әдіскер:  
Даржанова Г.С  
Тәрбиешілер

19.12.2025

- Жауапты мұғалімдерді тағайындау

#### Іс-шаралар

- «Экологиялық мәдениет»

#### әдістемелік семинар

- Тақырыптық бұрыштар

#### ұйымдастыру (Эко-орталық, гүлдер бұрышы)

- Қағазды, пластикті бөлек жинау

#### жүйесін енгізу

- Балалармен күнделікті табиғат

#### бақылауын жүргізу

### 2. Тәрбиешілермен жұмыс

#### Оқыту-тәрбиелік жұмыс түрлері

- Тақырыптық ашық оқу қызметтері:

- «Табиғатты аялайық»

- «Суды үнемдейік»

- «Қайта өңдеу деген не?»

- Дидактикалық ойындар мен

#### тәжірибелер

- Серуен кезінде экотапсырмалар

- Сенбілік, ағаш/гүл отырғызу

#### шаралары

- Балалар шығармашылығы:

- аппликация, сурет, колөнер (қалдық

#### материалдардан)

### 3. Ата-аналармен жұмыс

#### Серіктестік бағыттары

- Ата-аналар жиналысында жоба

#### таныстыру

- «Үйдегі экодағдылар» тақырыбында

#### кеңес беру

- Отбасылық челленджер:

- «Эко-апта»

- «Пластиксіз күн»

- Үйден қайта өңдеуге жарамды

#### материал жинау

- Ортақ іс-шаралар:

- аула тазалығы

- ағаш отырғызу

- көрме ұйымдастыру

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жауапты мұғалімдерді тағайындау</li> </ul> <p>Іс-шаралар</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Экологиялық мәдениет» әдістемелік семинар</li> <li>• Тақырыптық бұрыштар ұйымдастыру (Эко-орталық, гүлдер бұрышы)</li> <li>• Қағазды, пластикті бөлек жинау жүйесін енгізу</li> <li>• Балалармен күнделікті табиғат бақылауын жүргізу</li> </ul> <p>2. Тәрбиешілермен жұмыс</p> <p>Оқыту-тәрбиелік жұмыс түрлері</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тақырыптық ашық оқу қызметтері:</li> <li>• «Табиғатты аялайық»</li> <li>• «Суды үнемдейік»</li> <li>• «Қайта өңдеу деген не?»</li> <li>• Дидактикалық ойындар мен тәжірибелер</li> <li>• Серуен кезінде экотапсырмалар</li> <li>• Сенбілік, ағаш/гүл отырғызу шаралары</li> <li>• Балалар шығармашылығы:</li> <li>• аппликация, сурет, колөнер (қалдық материалдардан)</li> </ul> <p>3. Ата-аналармен жұмыс</p> <p>Серіктестік бағыттары</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ата-аналар жиналысында жоба таныстыру</li> <li>• «Үйдегі экодағдылар» тақырыбында кеңес беру</li> <li>• Отбасылық челленджер:</li> <li>• «Эко-апта»</li> <li>• «Пластиксіз күн»</li> <li>• Үйден қайта өңдеуге жарамды материал жинау</li> <li>• Ортақ іс-шаралар:</li> <li>• аула тазалығы</li> <li>• ағаш отырғызу</li> <li>• көрме ұйымдастыру</li> </ul>		
9	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қауіпсіздік» бағдарламасының орындалуы. Әдіскер: Г.С.Даржанова</li> <li>2. Ашық ҮІӘ жұмыстарының жоспары бекітіліп ақпан айында орындалуы. Меңгеруші У.Б.Кузенбаева</li> <li>3. Ағымдағы әр түрлі мәселелер</li> </ol> <p>1.Тындалды: Балабақша әдіскері Даржанова Г.С.</p>	<p>Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С. Тәрбиешілер</p>	06.01.2026ж

## **«ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ»**

1. Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыру.

2. Қандай жағдайларда төтенше қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіру.

3. Балаларды төтенше қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуді үйрету.

Қайда және қалай қоңырау шалу керек екенін үйрену:

- бейнероликтамашалау;
- қажетті телефон нөмірін теру;
- анық және сабырлы (байсалды) сөйлеу.
- өзін таныстырып (аты-жөнін, қайдан екенін айту) не болғанын айту.

Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек.

Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау:

Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін естесактау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы.** телефон нөмірлері жазылған карточкалар немесе жапсырмалар тарату.

**Баланың есінде сақтату:**

**Өрт күзеті-101**

**Полиция-102**

**Жедел жәрдем-103**

**Төтенше газ қызметі-104,112**

**111 жедел қызметі 24/7 байланыста**

**«Даладағы қауіпті орындар»**

**(Ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар)**

**Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу:**

**Ашық құдықтар:**

Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін.

Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал.

**Қаңырап қалған ғимараттар:**

Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға

	<p>сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін.</p> <p><b>Септиктер:</b> Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт.</p> <p><b>Құрылыс алаңдары:</b> Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр.</p> <p><b>Гараждар:</b> Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.</p> <p><b>2.Тыңдалды: Менгеруші У.Б.Кузенбаева</b> сөз алып, жоспар бекітіліп ашық үй жұмыстары жақсы деңгейде өтуін талап етті.</p> <p><b>3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.</b> <b>Сөйледі: Әдіскер Г.С.Даржанова</b> алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Циклограмманы уақыты жазып, бекітуге тапсыру ескертілді.</p>		
10	<p><b>Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Жобалау» әдісі туралы. Әдіскер: Г.С.Даржанова</li> <li>2. Музыкалық іс-әрекетте қолданылатын инновациялық технология. Музыка жетекшілері: Казбаева А.К</li> <li>3. Ағымдағы әр түрлі мәселелер</li> </ol> <p><b>1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Даржанова Г.С</b></p> <p>- Баланы өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді. Жобалау әрекеті білім беру саласында жақында ғана пайда болып кең тарап жатқан әдістердің бірі. Оның негізгі бағыты, қандай да бір мәселені шешуде жетістікке жету. Жобалау әдісі арқылы ұйымдастырылған оқыту үрдісінде балалар шынайы өмірдің тәжірибесіне негізделген мәселе-ізденіске бағытталған әрекетке қатысып, нәтижеге жету барысында жаңа білімді, тәжірибені игеруге кеңінен мүмкіндік алады. Сондықтан да жобалау әдісін барлық тәрбиешілер балалармен бірге бір</p>	<p>Менгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С Музыкант: Казбаева А.К.</p>	03.02.2026ж

айлық немесе одан да көп алуға болатындығын айтты.

-Балабақшаның музыка жетекшісі Казбаева А.К. өзінің іс-әрекеттерінде қолданатын инновациялық технологияларымен бөлісті. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияны ендіруге көптеген күш жұмсалады. Сол себепті педагогтардың негізгі міндеті: әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау екендігін айтты. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологияларды жүйелі түрде қолдану баланың музыкалық қабілетінің дамуы және денсаулығының нығайуын жақсартады.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолданылатын инновациялық технологиялар:

- дауыс жаттығулары;
- дем алу жаттығулары;
- артикуляциялық жаттығулар;
- саусақ жаттығулары;
- әуентерапиясы;

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологияны қолдану баланың жас ерекшелігіне және қызығушылығына қарай нәтижелі болады. Инновациялық технологияларда сауықтыру бағытының болуы және педагогтың денсаулық сақтау әрекетін кешенді пайдалануы, баланы салауатты өмір салтына толық ұйымдастырады. Инновациялық технологияларды музыка іс-әрекетінде мынандай әдіс-тәсілдермен қолдануға болады: Ойын тәсілі: (саусақ жаттығуларын, саусақты-сөзді ойындарды, әуенді ойындарды, өзін-өзі уқалау жаттығуларын, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы өтеді). Көрнекілік: (суреттер, ойын құралдары, ойыншықтар, музыкалық дидактикалық ойын құралдары, балаларға арналған музыкалық аспаптар). Сөздік: (әңгіме құру, көркем сөздер, әндер, дауыс және артикуляциялық жаттығулар). Тәжірибелік: (музыкалық әрекеттің барлық түрі). Осындай инновация технологияларымен бөлісіп, тиімді екендігін айтып өтті.

- Ағымдағы мәселелер.

11	<p><b>Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:</b></p> <p>4. «2025-2026» оқу жылындағы жылдық мақсат-міндеттердің орындалуы. Әдіскер: Г.С.Даржанова</p> <p>5. Ағымдағы әр түрлі мәселелер</p> <p><b>1.Тыңдалды: әдіскері Даржанова Г.С.</b></p> <p>1. "Ұлт болашағы балалар мен жасөспірімдер бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып ұрпақты тәрбиелеу".</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>- «Адал Азамат» бағдарламасы арқылы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымы".</p> <p>-Құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыру.</p> <p><b>Балалармен:</b></p> <p>-Озық дамыған мемлекет құру үшін өскелең ұрпақты тәрбиелеуге ерекше назар аудару.Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыру.</p> <p>- Балалардың қабілетін ерте жастан анықтау, жетілдіру және тәрбиелеу, сөйлеу машықтарын, логикалық ойлауларын, топпен жұмыс істеу қабілеттерін арттыру;</p> <p>-Балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, баланы әрекетке ынталандыру, оны тұлға ретінде дамыту, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал ету.</p> <p><b>Педагогтармен:</b></p> <p>- Қазіргі талапқа сай балалардың материалдарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдарды дайындау.</p> <p><b>Ата – аналармен:</b></p> <p>-Балалардың дүниетанымымен бірге, оның дамуына көмек пен қолдау көрсету мақсатында балабақшамен бірлесе жұмыс жасау;</p> <p>-Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік,жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындау.</p>	<p>Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С Тәрбиешілер: Жанаева Г.И Сәрсен Г.С Еламан Ә.</p>	<p>03.03.2026ж</p>
----	---	---	--------------------

	<p>құндылықтарымызды бала бойына сіңіруде көптеген жұмыстар атқарылды. «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша «Аналар, әкелер, аталар, әжелер» мектебі жоспары бойынша «Менің отбасым» «Балапан» ортаңғы тобы тәрбиеші Сәрсен Г.С. «Ою өрнекті кестелеу» «Жауказын» ересек тобы Еламан Ә, «Қыс ғажайыптары» «Тиін» мектепалды тобы Жанаева Г.И. т.б. көптеген жұмыстар ата-аналармен бірлесе отырып жүргізілді.</p> <p><b>Ағымдағы мәселелер.</b></p>		
12	<p>1. «Жылдық екінші тапсырманың орындалуы туралы».</p> <p>Әдіскер: Г.С.Даржанова</p> <p>2. Ағымдағы әр түрлі мәселелер</p> <p><b>1.Тыңдалды: әдіскері Г.С.Даржанова</b></p> <p><b>2.Мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық құндылықтарды қалыптастыра отырып, балалар әдебиеті арқылы сөздік қорын молайту.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жанартылған оқу бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жаңа әдіс-тәсілдермен жету.</li> <li>- Ұлттық мұраны,ана-тілін қастерлеуге, мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге,патриоттық сезімге тәрбиелеу.</li> </ul> <p><b>Балалармен:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағыты балалар қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру.</li> <li>-Оқыту және оқу тәжірибесіне жету үшін баламен түрлі жетілдіру жұмыстарын жасау, баланың қызығушылығын байқап бақылау.</li> </ul> <p><b>Педагогтармен:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, міндеттерді іске үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті қимыл,</li> </ul>	<p>әдіскер: Даржанова Г.С</p>	<p><b>01.04.2026ж</b></p>

	<p>Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушлердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Ата – аналармен:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы – мұнда балалардың жасына сәйкес ойындарға қажетті мынадай материалдар мен ойыншықтар: ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын орналастыру ұсынылады</li> <li>- Кітап бұрышы балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды карауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. ықпал етеді.</li> </ul> <p>Барлық топта ұлттық құндылықтарымыз дәріптеліп, ұлттық бұрыштар жасалынды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Ортаңғы топтар ата-аналарымен бірлесе отырып «Жылылық күннің көзінде, тәрбие әже сөзінде» атты сайыс өткізілді. Ұлттық бұйымдардан көрме ұйымдастырылды.</li> <li>-Ересек топтар арасында «Әке әулет басшысы» атты сайыс.</li> <li>-Мектепалды топтар арасында «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» атты ата-аналармен бірлескен жұмыстар өткізілді.</li> <li>-Ортаңғы топта «Әкем, анам және мен» сайысы өткізілді.</li> <li>- «Такия тастамақ», «Сикырлы асықтар», «Өнерлі әке, өнегелі бала» т.б. көптеген ата-аналармен бірлескен сайыстар, дөңгелек үстел т.б. өткізілді.</li> </ul> <p><b>Ағымдағы мәселелер.</b></p>		
13	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Педагог шығармашылық жұмыстарын қалай жүзеге асыру керек?») Әдіскер: Г.С.Даржанова</li> <li>3. 5 ересек топтың балабақшамен қоштасу мерекесін ұйымдастыру</li> <li>4. Маусым айында 5 топқа бала қабылдау мәселесі</li> <li>5. I маусым – Балаларды қорғау күніне дайындық жұмыстарын жоспарлау</li> </ol> <p><b>1.Тыңдалды: әдіскері Даржанова Г.С</b></p> <p>Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері тәрбиешілерге өзіндік</p>	<p>Меңгеруші: Кузенбаева У.Б әдіскер: Даржанова Г.С</p>	02.05.2026ж

педагогикалық технологияның өзіндік әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктеріне қарай әр тәрбиеші өз ізденісі арқылы жеке баланың қабылдау деңгейі мен қабілетіне сәйкес іріктеп пайдаланады. Тәрбиеленуші өз ойын дұрыс бағамдап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, келе-келе тәрбиешінің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. **Адам өміріндегі ең негізгі, маңызды кезең – жоғары оқу орнында білім алған кезеңі емес, бұл туылғаннан алты жасқа дейінгі балалық шақ.** Өйткені осы мезетте адамның маңызды құралы ой-өрісі қалыптасады. Сонымен қатар психиканың барлық мүмкіндіктері де қалыптасып отырады. Әр бала алты жасқа дейінгі білімді, маманды көмекті қажет етеді. Балабақшадағы тәрбие ұзақ уақыт бойы баланың танымдық дамуын қамтамасыз етуге бағыттталып келеді. Ал олардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы арнайы педагогикалық ізденістердің нысанасы болуы сирек кездеседі. Тәрбиеленушіге тұлғалық, бағдарлылық қарым-қатынас, оның дара өзгешеліктерін қолдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту-бүгінгі күні басым мән беріліп отырған бағыттар болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда тәрбие мен білім берудің ерекше үрдісі қалыптасқан. Бұл үлгі білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға балдырғанның ойлау қабілетін, білігін, білімін емес, оның тұлғалық қасиетінің дамуын алға қойып отыр. Әрбір тәрбиеші шығармашыл жұмыс жасаған жағдайда ғана, еліміздің саналы, дарынды тәрбиеленуші балдырғандарды тәрбиелеп шығаруға мүмкіндігі бар. Шығармашылық іздену – тәрбиешінің еңбегіне, біліміне, ой-өрісінің толысуына көп көмегін тигізеді. Бүгінде тәрбиешінің басты міндеті – педагогикалық технологиялар арқылы баланың интеллектуалдық, шығармашылық деңгейін жоғарылатып, жеке ерекшелігін, тұлғалық даралығын қалыптастыру. Балабақшада технологияларды қолдану тәрбиешінің кәсіби шеберлігін арттырып, шығармашылық әрекеттің биігіне көтерілуіне ықпал етеді. Шығармашыл тұлғаның бойында өзіне тән ерекшелігі,

2. 5 ересек топтың балабақшамен қоштасу мерекесін ұйымдастыру мәселесі қаралды. Тәрбиешілер балалардың балабақшадағы жетістіктерін көрсету мақсатында мерекелік іс-шара өткізу керектігін айтты. Мерекеге арналған сценарий дайындау, балалардың ән, би, тақпақтарын ұйымдастыру, ата-аналарды шақыру және топтарды мерекелік безендіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды. Сонымен қатар балаларға естелік сыйлықтар дайындау және мерекені әсерлі өткізу туралы пікірлер айтылды.

3. Маусым айында 5 топқа бала қабылдау мәселесі талқыланды. Балабақшаға қабылдау кезінде ата-аналардан қажетті құжаттарды қабылдау, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарға орналастыру және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар жаңа қабылданатын балалардың балабақшаға бейімделуін жеңілдету мақсатында психолог пен тәрбиешілердің бірлескен жұмыс жүргізуі ұсынылды.

4.1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру мәселесі қаралды. Балаларға арналған көңілді ойындар, эстафеталар, ән-билер, түрлі байқаулар өткізу ұсынылды. Балабақша ауласын мерекелік безендіру, балаларға сыйлықтар дайындау және ата-аналарды мерекеге қатыстыру жоспарланды. Мерекені қызықты әрі есте қаларлықтай өткізу үшін әр топқа жауапты педагогтер белгілеу ұсынылды.

**Ағымдағы мәселелер.**

«Зере» бөбекжай-балабақшасы

Әдістемелік отырыс

2025-2026 оқу жылы

Хаттама №1

29.08.2025 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі: – Кузенбаева У.Б

Әдіскер: Даржанова Г.С

Тәрбиешілер – барлығы

Медбике – Алинова М.К.

**Өткізілген орны:** Акт залы

**Тақырыбы:** Мектепке дейінгі ұйымның жаңа 2025- 2026 оқу жылына дайындығы.

Күн тәртібінде:

1. «Зере» бөбекжай-балабақшасының жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындығы.
2. Жаңа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және әдістемелік нұсқау хатты ашып, талқылау
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 01.09.2025 жылғы
4. «Адал Азамат» бағдарламасы бойынша асық ойынын ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны әдіскер: Даржанова Г.С. көрсетті.
5. «Топта сюжеттік-рольдік ойындарды ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны»

(тәрбиеші: Дуйсебаева)

6. Психолог : «Өзіме және көршіме» Турганбаева Ж.Б. (тренинг)

7. Ағымдағы мәселелер

**1 мәселесі бойынша** балабақша меңгерушісінің Кузенбаева У.Б сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Сондай-ақ педагогтардың сапалық тізімімен таныстырды, яғни 1 музыка жетекшісі, психолог, 10 топтың тәрбиешілері. Әр тәрбиешінің қайсысы қай топта жұмыс атқаратынын айтып өтті. Жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісулерін қадап айтты. Одан кейін ең үлкен мәселенің бірі – жаңа стандарт туралы, ондағы өзгерістер туралы, жаңа ҮІӨ қосылғанын ерекше айтып, бұйрықтарымен таныстырды.

Биылғы жаңа оқу жылында үлкен өзгеріс болып отыр, Яғни ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына өзгерістер енгізіліп отыр. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына және 36-бабына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 917 Жарлығына сәйкес өзгерістер енгізілді.

**2 мәселе бойынша** Жаңа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің мемлекеттік

жалпыға міндетті стандарттарын және әдістемелік нұсқау хатты ашып, талқылау.

## 1. Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктерімен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

Балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынасмәдениеті, ұлттық бірегейлікпен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

2. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

## 3. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салтын егіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

## 4. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауыз екі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу

дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

#### 1. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

#### 2. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерімен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

#### 3. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормаларымен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;

**3 мәселе бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2023 жылғы 1 қыркүйекте шыққан жаңа жолдаумен таныстырылды.** Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс.

Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады.

Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ, халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады.

**4 мәселе бойынша «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша асық ойынын ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны әдіскер: Даржанова Г.С. көрсетті.**

**5 мәселе бойынша “Сюжеттік –рольдік» ойындарды ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны” баяндама оқылды тәрбиеші Кәри І.Д**

**6 мәселе бойынша Психолог : Турганбаева Ж.Б. «Өзәме және көршіме» тренинг жүргізді.**

**7 мәселе бойынша ағымдағы мәселелер талқыланды.**

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Оқу – тәрбие жұмыстары жаңа стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін.

Мерзімі – үнемі, күнделікті

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскер

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Мерзімі – үнемі

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскер.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Хатшы:



Даржанова Г.С

Баймуратова А.Ы

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы**

**Әдістемелік отырыс**

**2025-2026 оқу жылы**

**Хаттама №2**

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі: – Кузенбаева У.Б

Әдіскер: Даржанова Г.С

Тәрбиешілер – барлығы

Медбике – Алинова М.К.

Қатысқандар: 18 педагог

15.09.2025 жыл

Төрайымы: Кузенбаева У.Б

Хатшы: Баймуратова А.Ы

**Күн тәртібі:**

**Педагогтерге біліктілік санаттарын беру туралы**

**Тыңдалды:**

"Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын беруге үміткер педагогтер туралы қысқаша ақпарат.

Бірінші мәселе бойынша аттестаттау комиссиясына біліктілік санаттарын алуға өтініш берген педагогтар өтініштерін қарап зерделенді.

**Сөз алды:**

Аттестаттау комиссиясының хатшысы- Кузенбаева У.Б

Күн тәртібінің мәселесі бойынша аттестаттау комиссиясына өтініш берген педагогтардың міндетін анықтап, жылдық жоспарын бекіту. Педагог қызметкерді аттестаттау-біліктілік деңгейін, кәсіби құзыреттілігін, іс-әрекеттерінің нәтижелілігін және сапасын талдау, оның әдістемелік тәжірибелік жұмыстарына қатысу негізінде зерделенеді, әрі пәндерге сәйкес негізгі лауазымы бойынша бірдей санат берілуімен өткізіледі.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша педагог қызметкерді аттестаттау ережесімен таныстыру.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау Ережесі бойынша мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарының педагог қызметкерлерді аттестаттау тәртібі анықталған.

Ережеге сәйкес аттестаттаудың алдыңғы аттестаттау мерзімі аяқталғаннан кейін, 5 жылда кемінде бір рет өткізіледі.

Педагогикалық қызметкерді аттестациядан өткізу негіздері:

Педагог қызметкердің кезекті мамандық санатын алуға өтініш;

Білім мен тәрбие беру ұйымдарының педагог қызметкерді аттестаттау ағымдағы оқу жылы аралығында өткізіледі.

Аттестаттаудан өту тәртібі:

Педагог қызметкерді аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

I-кезең. Өтініш берген педагогтың портфолиосын зерделеу.

Екінші кезеңге мыналар кіреді:

II-кезең Кәсіптік тестілеу.

Педагог қызметкер қызметінің қорытындысын талдау.

✓ "МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ЖАС ПСИХОЛОГИЯСЫ" – **20 ТАПСЫРМА;**

✓ «МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫН ЖӘНЕ МД ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БІЛУ» – **10 ТАПСЫРМА;**

өтініш берген педагогтың портфолиосын зерделеу.

Берілген материалдар негізінде талдау.

**Шешімі:**

1. Өтініш берген педагогтың іс-құжаттары сараптаудан өткізіліп, өтініштер қабылданын.

2. Аттестаттау комиссиясының жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы**  
**Әдістемелік отырыс**  
**2025-2026 оқу жылы**  
**Хаттама №3**

**10.10.2025 жыл**

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі: – Кузенбаева У.Б  
Әдіскер: Даржанова Г.С  
Тәрбиешілер – барлығы  
Медбике – Алинова М.К.  
Тәрбиешілер – барлығы  
**Өткізілген орны:** Акт залы

**ТАҚЫРЫБЫ:**

**"Балабақша – тәрбие бастауы"**

**Педагогикалық кеңестің мақсаты:** Балаларды табиғатты сүйеге, қорғауға, оған қамқор болуға баулу.

**Күн тәртібінде:**

1. Кіріспе сөз« **Жасыл балабақша** » Пилоттық жобасының ақпараттық құрылымы
2. «Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асыру бойынша қамқоршы кеңес мүшелерімен бірлесе отырып қаржы көздерін қарастыру.
- 3.**Пед.кеңес барысы:** балабақша аумағында экологиялық ортаны дамыту;
  - балалардың ізденіс - зерттеушілік дағдыларын, табиғатқа деген жауапты көзқарас пен әдеттерін қалыптастыру;
  - ата-аналарды экологиялық тәрбие жұмысына тарта отырып, тәрбиеші мен ата-аналар арасында экологиялық мәдениетті нығайту;
  - балабақша ауласында экологиялық аймақ (бақша, гүлзар, жылыжай) ұйымдастыру.
4. «Біз біргеміз» тренинг  
Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.
- 5.**Күтілетін нәтиже:**
  - тәрбиеленушілер табиғатқа жанашырлық танытып, оны қорғауға үйренеді;
  - балалардың бойында экологиялық ойлау, сана қалыптасады;
  - өсімдіктерді күту, баптау, қоқыс қалдықтарын сұрыптауды меңгереді;
  - экологиялық мәдениет артады;
  - қоршаған ортаны таниды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

Әдіскер:

Мен бүгінгі пед.кеңесімізді Қазіргі уақытта мектепке дейінгі педагогикада балаларға экологиялық тәрбие беруге ерекше мән берілуде. Экологиялық түсініктерді қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – балалардың табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тікелей бақылауы. Сондықтан тәрбиеленушілердің танымын кеңейтетін өсімдіктер мен жануарларды бақылауға, табиғатпен байланыс орнатуға, ал педагогтерге толыққанды экологиялық білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беру қажет. Экологиялық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау қажет, осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсер алады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсініктерді жинақтайды, яғни экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтерінің негізі қаланады.

Мектепке дейінгі жаста баланың табиғатқа деген көзқарасын одан әрі айқындауға, оған жанашырлық танытуға және өзекті экологиялық мәселелердің көпшілігін шешуде белсенді әрекет етуге көмектесетін экологиялық ұстанымдар қалыптасады. Бала бойына тәрбиені сіңіре отырып, өзіне жақын адамдардан білім алады және дамиды, табиғатқа жанашырлық танытуды үйренеді, не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын түсіне бастайды.

«Жасыл балабақша» пилоттық жобасы арқылы балабақша тәрбиеленушілеріне 7 бағыт бойынша экологиялық тәрбие беріледі. Көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Оның ішінде: өсімдіктерге күтім жасау, жарық пен су көздерін үнемдеу, табиғаттың ластануын болдырмау, қалдықтарды сұрыптау; балалардың жасаған жұмыстарын жарнамалау, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу, салауатты өмір салтын ұстану дағдылары.

Жоба шеңберінде балалар тек білім алып қана қоймай, өз қолдарымен табиғат бұрышын кұрып, өсімдіктерді күту, тазалық сақтау, қайта өңдеуге болатын материалдармен жұмыс жасау сияқты пайдалы тәжірибелер арқылы экологиялық мәдениетті меңгереді.

**2** Қазіргі заман талабына сай мектепке дейінгі педагогикада балаларға экологиялық тәрбие беруге ерекше мән берілуде. Экологиялық түсініктерді қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – балалардың табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тікелей бақылауы. Сондықтан тәрбиеленушілердің танымын кеңейтетін өсімдіктер мен жануарларды бақылауға, табиғатпен байланыс орнатуға, ал педагогтерге толыққанды экологиялық білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беру қажет. Экологиялық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау қажет, осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсер алады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсініктерді жинақтайды, яғни экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтерінің негізі қаланады.

**Мақсаты:** Балаларды табиғатты сүйуге, қорғауға, оған қамқор болуға баулу.

**Міндеттері:**

- балабақша аумағында экологиялық органы дамыту;
- балалардың ізденіс - зерттеушілік дағдыларын, табиғатқа деген жауапты

- ата-аналарды экологиялық тәрбие жұмысына тарта отырып, тәрбиеші мен ата-аналар арасында экологиялық мәдениетті нығайту;
- балабақша ауласында экологиялық аймақ (бақша, гүлзар, жылыжай) ұйымдастыру.
- 3. тәрбиеленушілер табиғатқа жанашырлық танытып, оны қорғауға үйренеді;
- балалардың бойында экологиялық ойлау, сана қалыптасады;
- өсімдіктерді күту, баптау, қоқыс қалдықтарын сұрыптауды меңгереді;
- экологиялық мәдениет артады;
- қоршаған ортаны таниды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. «**Жасыл балабақша**» Пилоттық жобасының ақпараттық құрылымы құрылсын.
  2. «Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асыру бойынша қамқоршы кеңес мүшелерімен бірлесе отырып қаржы көздерін қарастырылсын.
  3. **Пед.кеңес барысы:** балабақша аумағында экологиялық ортаны дамытылсын.
  4. «Біз біргеміз» тренинг
- Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындалсын.
5. **Күтілетін нәтиже орындалсын.**

Мерзімі – үнемі, күнделікті

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскер

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Хатшы:

Даржанова Г.С

Баймуратова А.Ы

«Зере» бөбекжай-балабақшасы  
Әдістемелік отырыс

2025-2026 оқу жылы  
Хаттама №4

24.10.2025 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі: – Кузенбаева У.Б

Әдіскер: Даржанова Г.С

Тәрбиешілер – барлығы

Медбике – Алинова М.К.

Психолог –Турганбаева Ж.Б

**Өткізілген орны:** Акт залы

**ТАҚЫРЫБЫ:**

Пилоттық жобаның бағыттары бойынша жоспар құру және бекіту.

**МАҚСАТЫ:** Ұтымды орта мен жоба арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің маңызы» баяндама
3. Пилоттық жобасына қатысатын педагог қызметкерлерді түрлі семинар, шебер сыныптарға жіберу.
4. **Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын**
5. «Жақсы қарым-қатынаста бола білейік!» тренинг психолог Ж.Б.Турганбаева

1 мәселе бойынша №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

2 мәселе бойынша «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенің мақтанышпен сезіне алатындай іс- қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау ойдан арна тартады. Балаларға патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және үстем таптың озбырлық ниеттерін айқын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбеттің қуаты күшті шағын өлеңдерінің балалар үшін маңызы ерекше. Махамбет балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ Махамбет өлеңдерінің бірсыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Абай халықтың болашақ жаңа қауымына, жасөспірімдерге арнап талай өлеңдер жазды, нақыл сөздер айтты. Жастарды өнер-білімге шақырды. Абай өз өлеңдерің еріккеннің

міндет етіп қояды. Ыбырай атамыз да бар үмітін жас ұрпаққа артты. Ыбырай атамыздың соңында қалған мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне тигізетін әсері зор. Өйткені патриотизм қашанда, қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтпайтын ұғым.

3 мәселе бойынша

Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеудің рөлі қандай?

Өздеріңіз білетіндей, кез-келген елде моральдық-патриоттық тәрбие әлеуметтік сананың маңызды сәттерінің бірі болып табылады. Бұл адамзат қоғамының және тұтастай алғанда мемлекеттің қалыпты тіршілік әрекетінің негізі болып табылатын бұл аспект.

Сондықтан, кіші және жоғары мектеп жасына дейінгі балаларда білім беру міндетті түрде азаматтық-патриоттық тәрбиеге негізделген.

Патриоттық тәрбиенің негізгі міндеттері қандай?

Мектепке дейінгі жастағы балаларды патриоттық тәрбиелеудің басты міндеті балабақшаға, ата-анаға, жақын адамдарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру болып табылады, содан кейін, тұтастай алғанда, баланың туған жеріне және оның мемлекетіне.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың патриоттық сезімдерін тәрбиелеу бұрынғы КСРО дәуірінде орын алған. Бала өз мемлекетінің әнұранын айтпаған күн болған жоқ. Сонымен қатар көптеген патриоттық ұйымдар Отанына деген сүйіспеншілікті нығайтуға жауапты болды. Мүмкін, мұндай ізашар ұйымда болмаған бала жоқ шығар.

Қалпына келтіру кезеңінде мемлекет мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық-патриоттық тәрбиелеу туралы ұмытып кетті. Тек 90-шы жылдардың соңында мектептерде патриоттық топтар мен топтар пайда болды.

4 мәселе бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша барлық топтың аралық даму мониторингі талқыланды.

5 мәселе бойынша тренинг психолог **тақырыбы:** «Жақсы қарым-қатынаста бола білейік!»

**Мақсаты:** Тәрбиешілердің арасында қарым-қатынасты нығайтып, жағымсыз көңіл-күйден арылуға және өздерін еркін сезінуге көмектесу.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** Музыка аппараты, баяу әуенді диск, қағаз, қалам

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу талапқа сай жүргізілсін.

Мерзімі – үнемі, күнделікті

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскер

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Мерзімі – үнемі

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскер.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Хатшы:



Даржанова Г.С

Баймуратова У.Б

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы**  
**Әдістемелік отырыс**  
**2025-2026 оқу жылы**  
**Хаттама №5**

**07.11.2025 жыл**

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі: Кузенбаева У.Б

Әдіскер: Даржанова Г.С

Психолог –Турганбаева Ж.Б

Тәрбиешілер – барлығы

Медбике – Алинова М.К

**Өткізілген орны:** Акт залы

**ТАҚЫРЫБЫ :**

«Балабақша бойынша ата-аналармен бірлесе отырып, пилоттық жоба жоспарынкашықтықтан таныстырып, кері байланыс жасау.

**МАҚСАТЫ:**

Балаларды табиғатты сүйеге, қорғауға, оған камқор болуға баулу.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. «Ұлттық аспаптар-балабақшада!» Әдіскер: Даржанова Г.С  
Баяндама
- 2.Баланы ойын арқылы ұлттық құндылыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші: Хамза А.Ә.
- 3.Физикалық дағды «Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде ұлттық ойындарды қолдану» Тәрбиеші: Есенжолова Г.Е
- 4.Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың танымдық зияткерлік дағдыларын дамыту.Тәрбиеші: Дуйсебаева К.С
5. «Біз – бір ұжымбыз!» тренинг Психологиялық тренинг. Психолог: Ж.Б.Турганбаева

**Балабақша меңгерушісі Кузенбаева У.Б:**

Қазіргі заман талабына сай мектепке дейінгі педагогикада балаларға экологиялық тәрбие беруге ерекше мән берілуде. Экологиялық түсініктерді қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – балалардың табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тікелей бақылауы. Сондықтан тәрбиеленушілердің танымын кеңейтетін өсімдіктер мен жануарларды бақылауға, табиғатпен байланыс орнатуға, ал педагогтерге толыққанды экологиялық білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беру қажет. Экологиялық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау қажет, осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсер алады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсініктерді жинақтайды, яғни экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементерінің негізі қаланады.

**«Ұлттық аспаптар-балабақшада!»** Музыка да адамның асқақ, асыл ойлары, арман-мақсаты, ізгі тілектері, қуанышы, қайғы-қасіреті мен әр түрлі сезім нәріміздері бейнеленеді. Музыканың адам жан-дүниесіне тигізетін әсері орасан, сондықтан оны шынайы ықыласпен қабылдау арқылы ғана түсінуге болады. Қаншама ғасырлар бойы жинақталған музыкалық қазына-ұшы-қиыры жоқ, аса мол мұра. Әлемдік музыка қорына әр халық, ұлт өзіне тән өрнекпен өлшеусіз үлес қосып келеді. Музыка мәдениетінің өткеніне ой жүгіртіп, әр алуан тарихи деректерге жүгінсек, халық өнерінің қоры шексіз де, музыкалық аспаптардың түрі көп болғаны анық. Өткен ғасырлар үніне құлақ түрсек, біздің ата – бабаларымыз тастан, ағаштан, өсімдіктен, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан т. б. алуан түрлі заттардан дыбыс шығаруға болатынын аңғарып, қарапайым музыкалық аспаптар жасап алды. Сол ұмыт болған қазақ халқының аспаптарын қайта жаңғыртып, олардың кең түрде насихатталуына мол еңбек сіңіріп, соңына қыруар мұра қалдырған Болат Шамғалиұлы Сарыбаев еді. Болат Шамғалиұлы Сарыбаев көне аспаптарды жинауға 1960 ж. бастап кіріскен екен. Сол жылдары Алматы консерваториясының ұстазы Б. Сарыбаевтың үйі ерекше мұражайға айналды. Ол жинаған аспаптар саны 300 - ге жетті. Зерттеуші еліміздің түрлі аймақтарынан көне аспаптарды тауып, оларды зерттеп, жетілдіріп, орындау әдістерін меңгерді, шәкірттерін баулады. 1968 жылы көне ұлттық музыкалық аспаптардан ансамбль ұйымдастырды. Б. Сарыбаев аспаптарды ойнау тәсіліне қарай мынадай түрге бөледі: үрлемелі, ұрмалы, сілкімелі, ысқышты, ішекті, шертпелі, тілшекті. «Екі ішектің бірін қатты, Бірін сәл - сәл кем бұра. Нағыз қазақ, қазақ емес, Нағыз қазақ – домбыра» - деп ақын жырлағандай, халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған ұлттық құндылығы мен дүниетанымын дәл суреттеп жеткізе алатын қоңыр үнді домбыра екені даусыз.

**2 мәселе бойынша** Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, макал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық колөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі –тілі, екіншісі –діні, үшіншісі-дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесінші-атамекені. Құндылықтар –шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес,дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады.Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді,соған сай әрекет етеді.

Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. «Мәңгілік ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Осы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі

қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелігін білу, салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру-ең басты қағидат.

**3 мәселе бойынша** Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Ұлттық ойындар – ата-бабаларымыздың бізге берген байлығы мен асыл қазынасы.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар ұжымының дамуында басты рөл атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады.

Ойын дегеніміз – тынысын кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін ғажап нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ойын – өсіп келе жатқан ұрпаққа білім мен тәрбие берудің ертеден қалыптасқан құралы. Тәрбиелік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін арнайы ұйымдастырылған ойындар тәрбиеленушілердің болашақ өмірдегі еңбек қызметіне даярлайды.

**4 мәселе бойынша** өз халқымыздың салт-дәстүрлері, асыл қазыналары, асыл мұралары туралы түсініп, жүректерімізге жеткізе отырып, ұлттық таным мен тәрбиеге баулу болып табылады.

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері ғасырдан бері жинақталып келе жатқан алтын қазығымыз. Сол тәжірибе, танымның, ұлттық құндылықтарымыздың бірегейі халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері. Ал біздер мен сіздер осы құндылықтардың заңды жалғастырушысы мен қорғаушыларымыз. Ұлтымыздың мақтанышына айналған ұлттық құндылықтарымыз ұлттығымыздың негізі. Ендеше, сіздерді ұлттық құндылықтарымызды тануға шақырамын. Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың танымдық зияткерлік дағдыларын дамыту

**5.мәселе бойынша** Тақырыбы: «Біз – бір ұжымбыз!» тренинг

Мақсаты: Ұжымда бірауыздылықты, ашықтықты, сенімділік деңгейін, эмоционалды еркіндікті орнатуға жағдай жасау.

Міндеті: Қатысушылардың бірін – бірі туралы көптеген мағлұматтар алу.

Әр қатысушыға өзін бір үлкеннің кішкене бөлшегі ретінде, ұжымның бір мүшесі ретінде сезінуі үшін ұжым ішінде жағымды ахуал орнату

Топтың бірігуіне әсер ету.

### **Шешім:**

№ 1 педагогикалық кеңес отырысының барлық күн тәртібіндегі қаралған мәселелері айқындалып, оң шешіміне ұсынылды.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Хатшы:

 Даржанова Г.С.  
 Баймуратова А.Б.

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы**  
**Әдістемелік отырыс**  
**2025-2026 оқу жылы**  
**Хаттама №6**

**21.11.2025 жыл**

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі: Кузенбаева У.Б

Әдіскер: Даржанова Г.С

Психолог – Турганбаева Ж.Б

Тәрбиешілер – барлығы

Медбике – Алинова М.К

**Өткізілген орны:** Акт залы

**ТАҚЫРЫБЫ :**

«Табиғатты аялайық!»

**МАҚСАТЫ:**

Балаларды табиғатты сүйеге, қорғауға, оған қамқор болуға баулу.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

**1. «Отбасым-бақыт мекенім!» «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ**

**бағдарламасының жүзеге асыру** аясында Әдіскер: Даржанова Г.С

2. Балабақша бойынша ата-аналармен бірлесе отырып, жиналыс пилоттық жоба бойынша жоспарын таныстырып. Әдіскер: Даржанова Г.С

3. **Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар.** Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (*жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар*) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Жаяу жүргіншілер жолы», «Бағдаршам», «Автобус аялдмасы» жол белгілерімен таныстыру. Нурымова А.С **«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасының жүзеге асыру**

4. **Тақырыптық ойын іс-әрекет:** «Жауапты болу-жақсы болу» Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограмма сына сәйкес. Тәрбиеші: Рахова Г.Н

5. «Жақсы іс-жүрекке жылу!» тренинг Психологиялық тренинг. Психолог: Ж.Б.Турганбаева

**Балабақша меңгерушісі: Кузенбаева У.Б**

Балаларды табиғатты сүйеге, қорғауға, оған қамқор болуға баулу. Мектепке дейінгі жаста баланың табиғатқа деген көзқарасын одан әрі айқындауға, оған жанашырлық танытуға және өзекті экологиялық мәселелердің көпшілігін шешуде белсенді әрекет етуге көмектесетін экологиялық ұстанымдар қалыптасады. Бала

табиғатқа жанашырлық танытуды үйренеді, не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын түсіне бастайды.

1. Әдіскер: Даржанова Г.С мәселе бойынша:

«Отбасым-бақыт мекенім!» Бір тұтас тәрбие – адал азамат бағдарламасы аясында. Қоғамның басты байлығы – тәрбиелі, білімді, адал азамат. Адам бойындағы жақсы қасиеттер мен рухани құндылықтардың қалыптасуы ең әуелі отбасынан бастау алып, мектеп қабырғасында жалғасады. Тәрбиенің біртұтастығы – баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін шешуші фактор. Отбасы, мектеп және қоғамарасындағы үйлесімді байланыс жас ұрпаққа өнеге көрсетіп, өмірлік ұстанымын айқындайды. "Адал азамат" – тек қана білімді емес, сонымен бірге шынайы, әділ, отансүйгіш, еңбексүйгіш, жауапкершілікті тұлға. Мұндай азаматты қалыптастыру үшін тәрбие жұмысы жүйелі, мақсатты және бір-бірімен сабақтас болуы шарт. Бала тәрбиесінде ата-ананың үлгісі, ұстаздың өнегесі, ортаның ықпалы – біртұтас тәрбие жүйесінің ажырамас бөліктері. Осы тұрғыдан алғанда, "Бір тұтас тәрбие – адал азамат" ұстанымы әрбір мектептің тәрбие жұмысынан негізгі бағдар болуы тиіс. Өйткені жас ұрпақтың болашағы – елдің болашағы, ал ел ертеңі – адал азаматтардың қолында.

2. Балабақша бойынша ата-аналармен бірлесе отырып, жиналыс пилоттық жоба бойынша жоспарын таныстырып. Әдіскер: Даржанова Г.С

3. **Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар.** Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (*жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар*) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Жаяу жүргіншілер жолы», «Бағдаршам», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру. Нурымова А.С **«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.** Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері, олардың тікелей жетекшісі және, әрине, ата - аналар қатысуы керек.

Әрбір сүйіспеншілікке толы ата - ана үшін олардың баласы өмірдегі ең жақсы нәрсе. Балалар әрдайым мойынсұнбайды, әсіресе кішкентай кездерде. Сондықтан баланың баласы балабақшаға әкелінген кезде, баланың жарақаттануына жол бермеу үшін өте маңызды.

Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді. Мұнда әрбір бала үшін күннің өзінде тікелей жанында тұрған адам жауапты.

**4. Тақырыптық ойын іс-әрекет: «Жауапты болу-жақсы болу»** Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограмма сына сәйкес. Тәрбиеші: Рахова Г.Н

Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай Жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жаны алуемет алдында жақары бақаланың ақам жауапты да күрделі істерді

## Шешім:

№ 6 педагогикалық кеңес отырысының барлық күн тәртібіндегі қаралған мәселелері айқындалып, оң шешіміне ұсынылды.

1. «Отбасым-бақыт мекенім!» «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасының жүзеге асырылсын

2. Балабақша бойынша ата-аналармен бірлесе отырып, жиналыс пилоттық жоба бойынша жоспарын таныстырылсын.

3. **Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар.** Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (*жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар*) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Жаяу жүргіншілер жолы», «Бағдаршам», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстырылсын.

4. **Тақырыптық ойын іс-әрекет:** «Жауапты болу-жақсы болу» Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограмма жүзеге асырылсын.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Хатшы:



Даржанова Г.С

Баймуратова А.Ы

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы**  
**Әдістемелік отырыс**  
**2025-2026 оқу жылы**  
**Хаттама №7**

**05.12.2025 жыл**

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі: Кузенбаева У.Б  
Әдіскер: Даржанова Г.С  
Психолог –Турганбаева Ж.Б  
Тәрбиешілер – барлығы  
Медбике – Алинова М.К  
**Өткізілген орны:** Акт залы

**ТАҚЫРЫБЫ :**

«Жасыл балабақша» аудандық семинар

**МАҚСАТЫ:**

Балаларды табиғатты сүйеге, қорғауға, оған қамқор болуға баулу.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

- 9:30-9:35** «Асық биі». «Жауқазын» ересек тобының тәрбиеленушілері;  
**9:35-9:45** Алғы сөз. Аудандық білім бөлімінің әдіскері Жанғалиева Э.Т.  
**9:45-10:55** «Жасыл балабақша» пилоттық жобасының ашылуы салтанаты «Зере» бөбекжай-балбақшасының меңгерушісі Кузенбаева У.Б.; әдіскер Даржанова Г.С.;
- 10:55-10:10** «Жасыл ел-жасыл балабақшадан басталады». «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі Сәрсен Г.С.;
- 10:10-10:25** «Кішкентай инженерлер әлемі». «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі Аманғалиева Қ.А.;
- 10:25-10:35** «Эмоционалды интеллект-баланың дамуының кілті» тренинг «Зере» бөбекжай-балбақшасының психологы педогог-модератор Турганбаева Ж.Б.;
- 10:35-11:00** «Стеам технологиясын қолдану арқылы мектепке дейінгі ұйымда креативті ойлаудың алғышарттарын қалыптастыру» «Шебер сағат» «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі педогог-модератор Кожаяева У.С.;
- 11:00-11:10** «Зерек бала – заманауи әлемде» Монтессори кабинеті, «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі педогог-модератор Дуйсебаева К.С.;
- 11:10-11:20** «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы. «Зере» бөбекжай-балбақшасының әдіскері педогог-модератор Даржанова Г.С.;
- 11:20-11:30** «Жасыл жүрек» рефлексия «Зере» бөбекжай-балбақшасының тәрбиешісі педогог-модератор Кәри І.Д.;

Қазіргі заманда экологиялық мәдениетпен табиғатты қорғау мәселесі– қоғам дамуының маңызды бағыттарының бірі. Адамзаттың қоршаған ортаға деген көзқарасы мен жауапкершілігі ерте жастан қалыптасуы тиіс. Осы орайда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ролі ерекше. Осы бағыттағы негізгі істердің бірі ретінде «Зере» бөбекжай – балабақшасында "Жасыл балабақша"

Бұл бастама бөбектерге табиғатқа жанашырлықпен қарауды үйретіп қана қоймай, олардың бойында экологиялық мәдениет пен жауапкершілік сезімін сіңіруді көздейді.

<b>Жобаның</b>	<b>мақсаты</b>	<b>мен</b>	<b>міндеттері</b>
«Жасыл балабақша» жобасының негізгі мақсаты – балабақшада экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесін жетілдіру арқылы балалардың табиғатты қорғау мәдениетін, экологиялық ойлау қабілеті мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.			

Жобаның міндеттері:

- Балаларды табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үйрету;
- Балабақша аумағын көгалдандыру арқылы экологиялық таза әрі жайлы орта құру;
- Экологиялық бағыттағы кіріктірілген оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру;
- Ата-аналарды экологиялық жобалар мен акцияларға тарту;
- Балалардың экологиялық мәдениетін ойын, тәжірибе және шығармашылық әрекет арқылы дамыту.

Жоба негізінен он екі айға жоспарланған, бүгінгі шарады алғашқы екі айын өткізу жоспары көрсетілді. Жобаның әр кезеңінде мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар балабақша ұжымының жүйелі еңбегінің нәтижесінде жоғары деңгейде өтті деуге болады.

<b>Жасыл</b>	<b>орта</b>	<b>–</b>	<b>балалар</b>	<b>тәрбиесінің</b>	<b>өзегі</b>
--------------	-------------	----------	----------------	--------------------	--------------

Жоба шеңберінде өткен семинар-практикум экологиялық тәрбиені дамытудың жарқын мысалы болды. Семинарға аудандық білім бөлімінің әдіскері Жанғалиева Э.Т, аудан басындағы балабақша әдіскерлері мен педагогтері, жергілікті «Еркемай», «Ақбота» балабақша басшылары мен әдіскерлері, педагогтері қатысты.

### Шешім:

#### Жасыл болашақ – балалар қолында

«Жасыл балабақша» жобасы – жай ғана іс-шаралар тізбегі емес, бұл – балалардың экологиялық санасын қалыптастыруға арналған жүйелі педагогикалық бағдарлама. Мұнда әрбір әрекет пен сабақ балалардың табиғатқа деген құрметін арттырып, олардың ойлау көзжиегін кеңейтеді.

Жоба барысында балалар тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы ретінде түрлі тәжірибелерге қатысып, табиғи үдерістерді өз көзімен бақылайды. Мұндай тәсіл экологиялық мәдениеттің терең әрі тұрақты қалыптасуына ықпал етеді.

Семинар соңында өз үлесін қосқан педагогтар марапаталды. Семинар-практикум өз мақсатына жетті.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Хатшы:



Даржанова Г.С

Баймуратова А.Ы

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы**  
**Әдістемелік отырыс**  
**2025-2026 оқу жылы**  
**Хаттама №8**

**26.12.2025 жыл**

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі: Кузенбаева У.Б  
Әдіскер: Даржанова Г.С  
Психолог –Турганбаева Ж.Б  
Тәрбиешілер – барлығы  
Медбике – Алинова М.К  
**Өткізілген орны:** Акт залы

**ТАҚЫРЫБЫ :**

Балабақша ұжымы мен тәрбиешілер және ата-аналармен «ЭКОӘЛЕМ» жобасы бойынша жұмыс жүргізу.

**МАҚСАТЫ:** : Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде карауда қызығушылықтарын дамыту.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

Ұйымдастыру кезеңі

- Жоба бойынша педагогикалық кеңес өткізу
- Мақсат, міндет, мерзім және бағыттарын бекіту
- Жауапты мұғалімдерді тағайындау

Іс-шаралар

- «Экологиялық мәдениет» әдістемелік семинар
- Тақырыптық бұрыштар ұйымдастыру (Эко-орталық, гүлдер бұрышы)
- Қағазды, пластикті бөлек жинау жүйесін енгізу
- Балалармен күнделікті табиғат бақылауын жүргізу

2. Тәрбиешілермен жұмыс

Оқыту-тәрбиелік жұмыс түрлері

- Тақырыптық ашық оқу қызметтері:
- «Табиғатты аялайық»
- «Суды үнемдейік»
- «Қайта өңдеу деген не?»
- Дидактикалық ойындар мен тәжірибелер
- Серуен кезінде экотапсырмалар
- Сенбілік, ағаш/гүл отырғызу шаралары
- Балалар шығармашылығы:

## Серіктестік бағыттары

- Ата-аналар жиналысында жоба таныстыру
- «Үйдегі экодағдылар» тақырыбында кеңес беру
- Отбасылық челленджер:
- «Эко-апта»
- «Пластиксіз күн»
- Үйден қайта өңдеуге жарамды материал жинау
- Ортақ іс-шаралар:
- аула тазалығы
- ағаш отырғызу
- көрме ұйымдастыру

## Шешім

- Фото-бейне портфолио жинақтау
- Балалардың білім, әдет дағдыларын бақылау
- Қорытынды мерекелік «Экофестиваль» өткізу
- Үздік топтар мен ата-аналарды марапаттау

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Хатшы:

*Дарж*  
*А.Б.*

Даржанова Г.С

Баймуратова А.Ы

06.01.2026ж

Қатысқандар: 20 педагог

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. «Қауіпсіздік» бағдарламасының орындалуы. Әдіскер: Г.С.Даржанова
2. Ашық ҮІӨ жұмыстарының жоспары бекітіліп ақпан айында орындалуы. Меңгеруші У.Б.Кузенбаева
3. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

**1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Даржанова Г.С.**

**«ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ»**

1. Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыру.
2. Қандай жағдайларда төтенше қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіру.
3. Балаларды төтенше қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуді үйрету.

Қайда және қалай қоңырау шалу керек екенін үйрену:

- бейнероликтамашалау;
- қажетті телефон нөмірлерін;
- анықжәнесабырлы (байсалды) сөйлеу.
- өзінтаныстырып (аты-жөнін, қайданекенінайту) не болғанынайту.

Қоңыраушалуғажаттықтыру. Олүшін бала қажетті телефон нөмірлерін, операторғаақпаратберуікерек.

Төтеншеқызметтердің телефон нөмірлерінқайталау:

Ойынтүріндетөтеншеқызметтердің телефон нөмірлерінқайталау. Телефон нөмірлерінестесақтауүшінәннемесетақпақ (рифма) ойластыру.

**Ұйымдастырылғаніс-әрекеттің рефлексиясы.**

Балаларғаүйдеқайталауүшінтөтеншеқызметтердің телефон нөмірлеріжазылғанкарточкаларнемесежапсырмалартарату.

**Баланың есінде сақтату:**

**Өрт күзеті-101**

**Полиция-102**

**Жедел жәрдем-103**

**Төтенше газ қызметі-104,112**

**111 жедел қызметі 24/7 байланыста**

**«Даладағы қауіпті орындар»**

(Ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, септиктер, құрылыс алаңдары, гараждар)

**Балалармен көшедегі қауіпті орындар туралы әңгімелесу:**

**Ашық құдықтар:**

Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсең, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал.

**Қаңырап қалған ғимараттар:**

Қаңырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін.

**Септиктер:**

Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт.

**Құрылыс алаңдары:**

Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жаракат алуың мүмкін.

**Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. Гараждар:**

Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау.

**2.Тыңдалды: Меңгеруші У.Б.Кузенбаева** сөз алып, жоспар бекітіліп ашық үй жұмыстары жақсы деңгейде өтуін талап етті.

**3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.**

**Сөйледі: Әдіскер Г.С.Даржанова** алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Циклограмманы уақыты жазып, бекітуге тапсыру ескертілді.

**Шешім:**

1.Ертеңгілік уақытта жұмыс талаптары орындалсын. Кварц қосылып, ылғалды уборка жүргізілсін.

2.«Қауіпсіздік» бағдарламасы жоспар бойынша орындалсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Г.С.Даржанова  
Ж.Б.Турганбаева

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы МКҚК  
№10 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы**

**03.02.2026ж**

Қатысқандар: 18 педагог

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

4. «Жобалау» әдісі туралы. Әдіскер: Г.С.Даржанова
5. Музыкалық іс-әрекетте қолданылатын инновациялық технология.  
Музыка жетекшілері: Казбаева А.К
6. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

**I.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Даржанова Г.С**

- Баланы өзін қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді. Жобалау әрекеті білім беру саласында жақында ғана пайда болып кең тарап жатқан әдістердің бірі. Оның негізгі бағыты, қандай да бір мәселені шешуде жетістікке жету. Жобалау әдісі арқылы ұйымдастырылған оқыту үрдісінде балалар шынайы өмірдің тәжірибесіне негізделген мәселе-ізденіске бағытталған әрекетке қатысып, нәтижеге жету барысында жаңа білімді, тәжірибені игеруге кеңінен мүмкіндік алады. Сондықтан да жобалау әдісін барлық тәрбиешілер базалармен бірге бір тақырыпты алып, зерттеп отыру ұсынылды. Жобаны бала жасына сай, мерзімін апталық, айлық немесе одан да көп алуға болатындығын айтты.

-Балабақшаның музыка жетекшісі Казбаева А.К. өзінің іс-әрекеттерінде қолданатын инновациялық технологияларымен бөлісті. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияны ендіруге көптеген күш жұмсалады. Сол себепті педагогтардың негізгі міндеті: әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау екендігін айтты. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологияларды жүйелі түрде қолдану баланың музыкалық қабілетінің дамуы және денсаулығының нығайуын жақсартады.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолданылатын инновациялық технологиялар:

- дауыс жаттығулары;
- дем алу жаттығулары;
- артикуляциялық жаттығулар;
- саусак жаттығулары;
- әуентерапиясы;

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологияны қолдану баланың жас ерекшелігіне және қызығушылығына қарай нәтижелі болады. Инновациялық технологияларда сауықтыру бағытының болуы және педагогтың денсаулық сақтау әрекетін кешенді пайдалануы, баланы салауатты өмір салтына толық ұйымдастырады. Инновациялық технологияларды музыка іс-әрекетінде мынандай әдіс-тәсілдермен қолдануға болады: Ойын тәсілі: (саусак жаттығуларын, саусакты-сөзді ойындарды, әуенді ойындарды, өзін-өзі уқалау жаттығуларын, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы өтеді). Көрнекілік:

(суреттер, ойын құралдары, ойыншықтар, музыкалық дидактикалық ойын құралдары, балаларға арналған музыкалық аспаптар). Сөздік: (әңгіме құру, көркем сөздер, әндер, дауыс және атрикуляциялық жаттығулар). Тәжірибелік: (музыкалық әрекеттің барлық түрі). Осындай инновация технологияларымен бөлісіп, тиімді екендігін айтып өтті.


- Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** Әдіскер Даржанова Г.С. алда жасалатын жұмыстарға талдау жасады.

**Шешім:**

1. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңа инновациялық технологияны қолдану ұсынылды.
2. Топта тазалық жұмыстары күнделікті орындалсын.
3. Аттестацияға баратын педагогтар құжаттары «Ұстаз» платформасына толықтырылып салынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Г.С.Даржанова  
Ж.Б.Турганбаева

03.03.2026ж

Қатысқандар: 18 педагог

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

7. «2025-2026» оқу жылындағы жылдық мақсат-міндеттердің орындалуы.

Әдіскер: Г.С.Даржанова

8. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

**І.Тындалды: әдіскері Даржанова Г.С.**

1. "Ұлт болашағы балалар мен жасөспірімдер бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып ұрпақты тәрбиелеу".

**Мақсаты:**

- «Адал Азамат» бағдарламасы арқылы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымы".

-Құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыру.

**Балалармен:**

-Озық дамыған мемлекет құру үшін өскелең ұрпақты тәрбиелеуге ерекше назар аудару.Ұлттың жана келбетін қалыптастыру.

- Балалардың қабілетін ерте жастан анықтау, жетілдіру және тәрбиелеу, сөйлеу машықтарын, логикалық ойлауларын, топпен жұмыс істеу қабілеттерін арттыру;

-Балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, баланы әрекетке ынталандыру, оны тұлға ретінде дамыту, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал ету.

**Педагогтармен:**

- Қазіргі талапқа сай балалардың материалдарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдарды дайындау.

**Ата – аналармен:**

-Балалардың дүниетанымымен бірге, оның дамуына көмек пен қолдау көрсету мақсатында балабақшамен бірлесе жұмыс жасау;

-Тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік,жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындау.

Биылғы оқу жылында алынған мақсат- міндеттер жоспар бойынша орындалды. Өз ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіруде көптеген жұмыстар атқарылды. «Адал Азамат» бағдарламасы бойынша «Аналар, әкелер, аталар, әжелер» мектебі жоспары бойынша «Менің отбасым» «Балапан» ортаңғы тобы тәрбиеші Сәрсен Г.С. «Ою өрнекті кестелеу» «Жауқазын» ересек тобы Еламан

Ә, «Қыс ғажайыптары» «Тиін» мектепалды тобы Жанаева Г.И. т.б. көптеген жұмыстар ата-аналармен бірлесе отырып жүргізілді.

Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** Әдіскер Г.С.Даржанова мерзімі аяқталған барлық педагогтар курстан өту керек. Республикалық журналдарға, газеттерге мақала беріп, өз іс-тәжірибесімен бөлісу ескертілді.

**Шешім:**

1. Жылдық тапсырмалар орындалсын.
2. Топта тазалық жұмыстары күнделікті орындалсын.
3. Өз іс-тәжірибелері таратылып, публикация берілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Г.С.Даржанова  
Ж.Б.Турганбаева

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы МКҚК  
№12 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы**

**01.04.2026ж**

Қатысқандар: 18 педагог

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. «Жылдық екінші тапсырманың орындалуы туралы».

Әдіскер: Г.С.Даржанова

2. Ағымдағы әр түрлі мәселелер

**1.Тыңдалды: әдіскері Г.С.Даржанова**

**2.Мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық құндылықтарды қалыптастыра отырып, балалар әдебиеті арқылы сөздік қорын молайту.**

**Мақсаты:**

- Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңартылған оқу бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жаңа әдіс-тәсілдермен жету.

- Ұлттық мұраны, ана-тілін қастерлеуге, мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

**Балалармен:**

-Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағыты балаларды

қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге,

Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез- құлық

қағидаларын қалыптастыру.

-Оқыту және оқу тәжірбиесіне жету үшін баламен түрлі жетілдіру жұмыстарын жасау, баланың қызығушылығын байқап бақылау.

**Педагогтармен:**

-Ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл,

танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыру.

Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

**Ата – аналармен:**

- Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы – мұнда балалардың жасына сәйкес ойындарға қажетті мынадай материалдар мен ойыншықтар: ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын орналастыру ұсынылады

- Кітап бұрышы балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды карауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында кайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. ықпал етеді.

Барлық топта ұлттық құндылықтарымыз дәріптеліп, ұлттық бұрыштар жасалынды.

-Ортаңғы топтар ата-аналарымен бірлесе отырып «Жылылық күннің көзінде, тәрбие әже сөзінде» атты сайыс өткізілді. Ұлттық бұйымдардан көрме ұйымдастырылды.

-Ересек топтар арасында «Әке әулет басшысы» атты сайыс.

-Мектепалды топтар арасында «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» атты ата-аналармен бірлескен жұмыстар өткізілді.

-Ортаңғы топта «Әкем, анам және мен» сайысы өткізілді.

- «Тақия тастамақ», «Сиқырлы асықтар», «Өнерлі әке, өнегелі бала» т.б. көптеген ата-аналармен бірлескен сайыстар, дөңгелек үстел т.б. өткізілді.

Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** Әдіскер Г.С.Даржанова алда жасалатын жұмыстарға талдау жасады.

### **Шешім:**

1. «Адал Азамат» бағдарламасы жоспар бойынша орындалсын.
2. Топта тазалық жұмыстары күнделікті орындалсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Г.С.Даржанова  
Ж.Б.Турганбаева

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы МКҚК  
№ 13 әдістемелік кеңес отырысы хаттамасы**

**02.05.2026ж**

Қатысқандар: 18 педагог

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. «Педагог шығармашылық жұмыстарын қалай жүзеге асыру керек?»  
Әдіскер: Г.С.Даржанова
3. 5 ересек топтың балабақшамен қоштасу мерекесін ұйымдастыру
4. Маусым айында 5 топқа бала қабылдау мәселесі
5. 1 маусым – Балаларды қорғау күніне дайындық жұмыстарын жоспарлау

**1.Тыңдалды: әдіскері Даржанова Г.С**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері тәрбиешілерге өзіндік шығармашылық тақырыптардың қалай жүзеге асыру керектігін айтып өтті. Әрбір педагогикалық технологияның өзіндік әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктеріне қарай әр тәрбиеші өз ізденісі арқылы жеке баланың қабылдау деңгейі мен қабілетіне сәйкес іріктеп пайдаланады. Тәрбиеленуші өз ойын дұрыс бағамдап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, келе-келе тәрбиешінің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. **Адам өміріндегі ең негізгі, маңызды кезең – жоғары оқу орнында білім алған кезеңі емес, бұл туылғаннан алты жасқа дейінгі балалық шақ.** Өйткені осы мезетте адамның маңызды құралы ой-өрісі қалыптасады. Сонымен қатар психиканың барлық мүмкіндіктері де қалыптасып отырады. Әр бала алты жасқа дейінгі білімді, маманды көмекті қажет етеді. Балабақшадағы тәрбие ұзақ уақыт бойы баланың танымдық дамуын қамтамасыз етуге бағыттталып келеді. Ал олардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы арнайы педагогикалық ізденістердің нысанасы болуы сирек кездеседі. Тәрбиеленушіге тұлғалық, бағдарлылық қарым-қатынас, оның дара өзгешеліктерін қолдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту-бүгінгі күні басым мән беріліп отырған бағыттар болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда тәрбие мен білім берудің ерекше үрдісі қалыптасқан. Бұл үлгі білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға балдырғанның ойлау қабілетін, білігін, білімін емес, оның тұлғалық қасиетінің дамуын алға қойып отыр. Әрбір тәрбиеші шығармашыл жұмыс жасаған жағдайда ғана, еліміздің саналы, дарынды тәрбиеленуші балдырғандарды тәрбиелеп шығаруға мүмкіндігі бар. Шығармашылық іздену – тәрбиешінің еңбегіне, біліміне, ойөрісінің толысуына көп көмегін тигізеді. Бүгінде тәрбиешінің басты міндеті – педагогикалық технологиялар арқылы баланың интеллектуалдық, шығармашылық деңгейін жоғарылатып, жеке ерекшелігін, тұлғалық даралығын қалыптастыру. Балабақшада технологияларды қолдану тәрбиешінің кәсіби шеберлігін

арттырып, шығармашылық әрекеттің биігіне көтерілуіне ықпал етеді. Шығармашыл тұлғаның бойында өзіне тән ерекшелігі, қиялының ұшқырлығы, танымдық қызығушылығы, шабыты басым болады.

2. 5 ересек топтың балабақшамен қоштасу мерекесін ұйымдастыру мәселесі қаралды. Тәрбиешілер балалардың балабақшадағы жетістіктерін көрсету мақсатында мерекелік іс-шара өткізу керектігін айтты. Мерекеге арналған сценарий дайындау, балалардың ән, би, тақпақтарын ұйымдастыру, ата-аналарды шақыру және топтарды мерекелік безендіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды. Сонымен қатар балаларға естелік сыйлықтар дайындау және мерекені әсерлі өткізу туралы пікірлер айтылды.

3. Маусым айында 5 топқа бала қабылдау мәселесі талқыланды. Балабақшаға қабылдау кезінде ата-аналардан қажетті құжаттарды қабылдау, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарға орналастыру және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар жаңа қабылданатын балалардың балабақшаға бейімделуін жеңілдету мақсатында психолог пен тәрбиешілердің бірлескен жұмыс жүргізуі ұсынылды.

4.1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру мәселесі қаралды. Балаларға арналған көңілді ойындар, эстафеталар, ән-билер, түрлі байқаулар өткізу ұсынылды. Балабақша ауласын мерекелік безендіру, балаларға сыйлықтар дайындау және ата-аналарды мерекеге қатыстыру жоспарланды. Мерекені қызықты әрі есте қаларлықтай өткізу үшін әр топқа жауапты педагогтер белгілеу ұсынылды.

**Сөйледі:** Әдіскер Г.А.Салимова барлық педгогтар «Инклюзивті» оқыту курсынан өтсін.

#### **Шешім:**

1. Педагогтердің шығармашылық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, тәжірибе алмасу мақсатында көрмелер мен ашық сабақтар ұйымдастырылсын.
2. 5 ересек топтың балабақшамен қоштасу мерекесін ұйымдастыру тәрбиешілерге тапсырылсын.
3. Маусым айында 5 топқа бала қабылдау жұмыстары белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілсін.
4. 1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар жоспары жасалып, мереке жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Даржанова Г.С  
Ж.Б.Турганбаева